

**"Өңірлік саясат мәселелері жөнінде ведомствоаралық комиссия құру туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 желтоқсандағы № 1239
қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 тамыздағы № 981 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 7 тамыздағы
№ 475 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 07.08.2017 № 475 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Өңірлік саясат мәселелері жөнінде ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 желтоқсандағы № 1239 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 118 Жарлығымен бекітілген Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының 2020 жылға дейінгі болжамды схемасында көзделген шараларды тиімді іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:"**;

1) көрсетілген қаулының 1-қосымшасында:

Өңірлік саясат мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Келімбетов - Қазақстан Республикасының

Қайрат Нематұлы Экономикалық даму және сауда
министрі, төраға,

Беспалинов - Қазақстан Республикасының

Тілеуғазы Айтқазыұлы Экономикалық даму және сауда
министрлігі Өңірлік саясат және

бюджетаралық қатынастар

департаменті директорының

орынбасары, хатшы,

Сарыбеков - Қазақстан Республикасының Білім

Махметғали Нұрғалиұлы және ғылым вице-министрі,

Хасенов - Қазақстан Республикасының Ауыл

Сақташ Сатыбалдыұлы шаруашылығы вице-министрі,

Тихонюк - Қазақстан Республикасының

Николай Петрович Құрылыс және тұрғын

үй-коммуналдық шаруашылық істері
агенттігі төрағасының
орынбасары;

көрсетілген құрамнан Өмірзақ Естайұлы Шөкеев, Абзал Сансызбайұлы
Мұхимов шығарылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Өңірлік саясат мәселелері жөніндегі
ведомствоаралық комиссия туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өңірлік саясат мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі
- Комиссия) Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі №
118 Жарлығымен бекітілген Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының 2020 жылға
дейінгі болжамды схемасында (бұдан әрі - Болжамды схема) көзделген
шараларды тиімді іске асыру мақсатында құрылды.";

4-тармақта:

4) тармақшада "көрсету." деген сөз "көрсету;" деген сөзбен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 5) және 6) тармақшалармен толықтырылсын:

"5) "Өңірлерді дамыту" бағдарламасының шеңберінде іске асырылатын
бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастыру;

6) "Өңірлерді дамыту" бағдарламасын қаржыландыру лимиттерін
қалыптастыру.";

5-тармақта:

5) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) "Өңірлерді дамыту" бағдарламасын тиімді іске асыру;"

"7) Болжамды схеманы және аумақтарды дамыту бағдарламаларын тиімді
іске асыру.".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов